

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

Егембердиев Санжар Абсадикұлы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Алматы ЖЭО-1-де БГҚ орнату

5В071700 – «Жылу энергетикасы»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНУТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетика
и машиностроения

Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, қауым. профессор
Е.А.Сәрсенбаев



«05» 2022 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Алматы ЖЭО-1-де БГҚ орнату»

5В071700 – Жылу энергетикасы мамандығы

Орындаған

Егембердиев С.А.

Пікір беруші:

Ғылыми жетекшісі

АЭЖБУ, «Электржетектер және

Ассистент.профессор

өнеркәсіптік қондырғыларды

автоматтандыру» кафедрасының

доценті, тех.ғыл.канд.

К.О.Ғали

«05» 2022 ж.



Балгаев Н.Е.

«17» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

5B071700 – Жылу энергетикасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

PhD, қауымдастырылған

профессор

Сәрсенбаев Е.А.

«20» 01 2022 ж.



Дипломдық жұмысты орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Егембердиев Санжар Абсадикұлы

Тақырыбы: *Алматы ЖЭО-1-де БГҚ орнату*

Университет ректорының 24.12.2021 ж. бастап №489-ПӨ бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«20» мамыр 2022 ж.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) ЖЭО-1 туралы жалпы ақпарат;

ә) БГҚ-ны есептеу және таңдау;

Сызбалық материалдар тізімі: *Сызбалық материалдарды слайдпен көрсетілген.*




Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 8 атау

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы мәліметтер	30.01.2022	Жоқ
Негізгі бөлім	11.02.2022	Жоқ
ГТҚ таңдау және есептеу	30.03.2022	Жоқ
Қалдық жылу қазандығын таңдау және есептеу	06.05.2022	Жоқ


Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер	Қол қойылған күні	
Негізгі бөлім	Балгаев Н.Е., ассистент профессор	17.05.2022 ж.	
Есептеу бөлімі	Балгаев Н.Е., ассистент профессор	17.05.2022 ж.	
Норма бақылау	А.О.Бердибеков, сениор-лектор	17.05.2022	

Ғылыми жетекші

Тапсырманы орындауға алған студент

Күні


_____ Н.Е. Балгаев
КОЛЫ


_____ С.А. Егембердиев
КОЛЫ

« 07 » _____ 02 _____ 2022 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Алматы қаласының бірінші жылу электр орталығында бугаздық қондырғыны орнату қарастырылады. Қазір мегаполистің орталық бөлігіне электр және жылу энергиясын өндіретін ескі қондырғыларға шолу жасалынды. Бугаздық қондырғыны қондырудың маңыздылығы айтылады. Сонымен қатар, қондырғының түрлеріне талдау жүргізіліп, техникалық жағынан есептелінеді.

АННОТАЦИЯ

Данная дипломная работа предусматривает внедрение парогазовой установки на первой ТЭЦ города Алматы. Был проведен обзор на старые оборудовния, которые сейчас производят электро и тепло энергию для центральной части мегаполиса. Подчеркнута важность установки этого оборудования. Кроме того, были проанализированы типы установок и технически рассчитаны важнейшие параметры.

ANNOTATION

This work provides for the introduction of a combined cycle plant at the first CHP in Almaty. A review was made of old equipment that now produces electricity and heat for the central part of the metropolis. The importance of installing this equipment is emphasized. In addition, the types of installations were analyzed and the most important parameters were technically calculated.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	ЖЭО-1 туралы жалпы мәліметтер	8
1.1	ЖЭО-1 тарихы және болашағы	8
1.2	ЖЭО-1-дің негізгі жабдықтары	10
1.3	Алматы ЖЭО-1 бас жоспары	12
2	Бу газдық қондырғы	13
2.1	Бу газдық қондырғы даму тарихы	13
2.2	Бу газдық қондырғы түрлері	16
3	Техникалық бөлім	20
3.1	Газ турбиналық қондырғыны таңдау	20
3.2	SGT-700 Газ турбиналық қондырғысын есептеу	23
3.2.1	Табиғи газдың негізгі сипаттамалары	23
3.2.2	Сығымдағыштағы ауаның сығылу процессін есептеу	24
3.2.3	1м ³ ГТҚ отынына қатысты сығымдағыш энергиясының балансы	26
3.2.4	Жану камерасын есептеу	27
3.2.5	Жану камерасы энергиясының балансы	32
4	Қалдық жылу қазандығын таңдау және есептеу	34
4.1	П-103 қалдық жылу қазандығы	37
	Қорытынды	39
	Белгілер мен қысқартулар тізбесі	40
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41

КІРІСПЕ

Алматы қаласы Қазақстан бойынша ауасы ең лас деп саналатын қалалардың қатарына енеді. Бұл антирекордтық көрсеткіштің себептері өте көп. Біріншіден, қала тұрғындары жыл сайын артып келеді. Сәйкесінше, іштен жану қозғалтқышын пайдаланатын автокөліктердің саны да өсуде. Екіншіден, халық саны өскен сайын қала кеңеюге мәжбүр болады, ал бұл дегеніміз энергияның тұтынуы да артады деген сөз. Осыған орай қаламыздағы үш негізгі энергия көздері, жылу электр орталықтарымыз, энергия өндірісін көбейтеді. Яғни, отын шығысын арттырады. Қазіргі қолданыстағы ЖЭО-лар негізінен көмір отынын пайдалануда. Қазандықтарда көмірді жаққаннан кейін, атмосфераға көптеген зиянды қалдықтар тарайды. Олар көліктің түтіндерімен қосылып, Алматының экожүйесінде түтінтұманды феноменді тудырған енді.

ЖЭО-1 қаланың орталығында орналасқан және де 2016 жылға дейін көмір отынын пайдаланып келген. Қаланың орталығында болғандықтан, оның экологиялық талаптары артқан болатын. Отынның бұл түрін пайдаланып, экологиялық іждағаттарды айтарлықтай қанағаттандыру қиынға соғатынын және көптеген қаражаттарды талап ететінін ескере отырып, ЖЭО-1 табиғи газ отынына ауысқан болатын. Бұл экологиялық шарттарды орындау мен табиғатқа тигізетін зияндарды азайтуға бағытталған тиімді жұмыстардың нәтижесі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай қаланың халық саны жыл сайын артуда. Қазіргі қолданыстағы жабдықтар ескі болғандықтан, энергетикалық қажеттіліктерді орындауға шамасы жетпейді. Ал, тағы да қазандықтар мен турбоагрегаттарды орнату рационалды және қаржылық жағынан тиімсіз болып табылады. Сонымен қатар, ЖЭО-1-дің аумағы шектеулі, ал жаңа қазандықтар мен турбоагрегаттар үлкен аумақты талап етеді. Осыған орай, ЖЭО-1-ге бу газдық қондырғыларды орнату ұсынылады. Бұл дипломдық жұмыста ЖЭО-1-ге БГҚ-ны орнату жұмыстары есептелініп, тиімділігі дәлелденетін болады.

1 ЖЭО-1 туралы жалпы мәліметтер

1.1 ЖЭО-1 тарихы және болашағы

Алматы ЖЭО-1 қала бойынша ең көне жылу электр орталығы болып табылады. Станцияның жобалануы және құрылысы 1931 жылы басталған және 4 жылдан кейін 1935 жылы алғашқы агрегат іске қосылған болатын. Сол жылдың нәтижесінде ЖЭО-1 1,8 млн кВт*сағ электрэнергиясын өндірген болатын. Өткен ғасыр үшін бұл үлкен жетістік болса, қазір бұл ЖЭО-1-дің бір күнде өндіретін энергиясы.

1940 жылға қарай жалпы қуаты 10,5МВт болатын үш қазандық пен үш турбина орнатылды. Ал, 1946 жылға дейін екі турбина мен тағы бір қазандықты қондырып, жалпы станция құрылысының бірінші кезеңі осындай нәтижемен аяқталған болатын.

Құрылыстың екінші кезеңінде 1953-54 жылдар аралығында екі қазандық пен қуаттылығы 6,3 МВт турбина орнатылып, іске қосылды.

Кеңейту құрылыстарының үшінші және төртінші кезеңдері жылуды тұтынудан электр энергиясын өндіру мәселесін шешуге арналған. 1957 жылы қуаттылығы 12 МВт болатын орташа қысымды қазандық пен АТ-12 жылыту турбинасы орнатылды. 1960-61 жылдары екі жоғары қысымды БКЗ-160-100 қазандары және Р-25-90/18 турбинаның су жылытқыштары мен өнеркәсіптік тұтынушыларға бу беретін турбина орнатылып, іске қосылды. 1960 жылы Алма-Ата ЦЭС атауы Алматы ЖЭО болып өзгертілді. Алғаш рет Алматы ЖЭО-дан жылу 1961 жылдың 4-тоқсанында өндіріліп, таратылған еді. 1966-67 жж. екі ыстық су қазандығының құрылысы Алматы ЖЭО-ны кеңейтудің төртінші кезеңін аяқтаған болатын.

Станцияны кеңейтудің бесінші кезеңі Алматы қаласын дамытудың бас жоспарын ескере отырып жобаланған. ЖЭО-да 1969-1972 жж. суды жылыту және оны өнеркәсіптік тұтынушыларға беру үшін бу сорғыштары бар екі турбина орнатылды. БКЗ-160-100 төрт қазандығы және 100 Гкал/сағ екі су жылытатын ПТВМ-100 қазандығы орнатылды. 1976-79 жылдары тағы үш ыстық су қазандығы іске қосылды.

2000 жылдың аяғында ескірген тиімсіз құрал-жабдықтар істен шығарылып, бөлшектелді. Қазіргі уақытта үш бу турбинасы – бір Р-25-90/18 және екі ПТ-60-90/13 жалпы қуаты 145 МВт, алты жоғары қысымды бу қазандығы БКЗ-160-100 және жеті ПТВМ-100 ыстық су қазандықтары жұмыс істейді [1].

Алматы қаласының ЖЭО-1-не 2021 жылы Қазақстан және ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі, инженер, жылуэнергетикасының майталман ардагері, әрі ұстаз Бірлік Есіркепұлы Оразбаевтың аты берілген болатын.

2017 жылы «Самұрық-Энерго» ең ескі станция Алматы ЖЭО-1-ді толығымен газға ауыстыру жұмыстарын аяқтады. Бұл жылу электр орталығы 1970 жылдардың басында жартылай табиғи газ отынына ауысқан еді. Ол кезде бұл экономикалық тұрғыдан тиімді болып саналса, қазіргі уақытта экологиялық талап болып табылады. Бүгінгі таңда ЖЭО-1-нің негізгі отыны табиғи газ болып табылады және жеткізуші мекеме «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ екі орта қысымды газ құбыры арқылы жеткізеді. Сақтық отын ретінде мазут қолданылады.

Газға көшудің арқасында отынды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік туды. Жылу энергиясының шартты бірлігін өндіруге қазір отынның 4,2 пайызға, ал электр энергиясы 27,6 пайызға аз қажет. Қазандықтағы механикалық және химиялық аз жағудан болатын ысыраптар және қазандық цехының өзіндік қажеттіліктерінің құны төмендеді. Бірақ ең бастысы – экологиялық көрсеткіштер. 2013 жылмен салыстырғанда атмосфераға шығарындылар көлемі 3 мың тоннадан 0,8-ге дейін азайды. Газды жағу кезінде күл мен шлак қалдықтары түзілмейді.

Табиғи газға көшумен негізгі жабдықтың сенімділігі артты. Атап айтқанда, энергетикалық қазандықтардың жұмысындағы және жалпы электр станциясы үшін станция қатты отынмен жұмыс істеген жылдармен салыстырғанда технологиялық бұзылулардың азаю үрдісі байқалады. Мәселен, 2016 жылы барлығы 18 технологиялық бұзушылық болса, 2019 жылы тек 3 рет қана.

2022 жылдың 22 ақпанында Б. Оразбаев атындағы ЖЭО-1 кеңейту жобасын талқылау мақсатында қоғамдық тыңдау өткізілген болатын. Осы кездесуде бу-газдық жүйесін орнату арқылы ЖЭО қуатын 250МВт-қа дейін арттыру көзделген. Жылу және электр энергиясын өндіру мақсатында қымбат тұратын «таза» отынды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін аралас циклдік технологияларды пайдалану әлемдік қауымдастықта ең жақсы қолжетімді технология ретінде танылды.

1.2 ЖЭО-1-дің негізгі жабдықтары

Жоғарыда айтылғандай ЖЭО-1 Алматы қаласының ең көне жылу электр орталығы болып саналады. Сәйкесінше ондағы жабдықтардың барлығы ескірген. Әрине, олар кәсіби күтімнің арқасында әлі де ұзақ уақыт қызмет ете алады. Алайда, жыл өткен сайын жабдықтардың қуаттылығы да азая беретін болады. Қазіргі уақытта ЖЭО-1-де қосымша жабдықтарды (деаэратор, конденсатор, сорғылар және т.с.с) қоспағанда келесідей жабдықтар жұмыс істейді:

- 6хБКЗ-160-100 – жоғары қысымды бу қазандықтары;
- 2хПТ-60-90/13 – турбоагрегат;
- 1хР-25-90/18 – турбоагрегат;
- 7хПТВМ-100 – ыстық су қазандықтары.

Жоғарыда көрсетілген жабдықтар өте күрделі инженерлік туындылар болып табылады. Қажетті сапалы күтіммен эксплуатациялаған жағдайда олар ұзақ уақыт бойы қызмет ете алады.

БКЗ-160-100 – жоғары қысымды бу қазандығы Ресейлік қондырғыларды өндіруші Барнаул қазандық зауытында өндірілген. Бүгінде ол «Сибенергомаш-БКЗ» ЖШС деп аталады. Қазіргі атауы бұрынғы стандартқа сәйкес жазылған. Жаңа стандарт бойынша атауы өзгертілген. БКЗ қазандығы тік бір құбырлы орналасу түріне ие. Қазандықтың су айналымы табиғи, қаныққан бу қазандық барабанындағы ылғалдан бөлінеді. Құбырлардың беттерін орналастыру П немесе Т-тәрізді, мұнара типті дизайнға жүзеге асырылады. Қондырғылар энергетикалық отынның барлық түрлерімен жұмыс істейді: көмір, газ, сұйық отын және қоңыр көмір.

Өндіруші жабдықты таңбалаудың қатаң принципін ұстанады, оның көмегімен оның жұмысының көптеген маңызды сипаттамаларын анықтауға болады, мысалы, БКЗ-160-100 қазандық қондырғысы үшін:

- БКЗ - өндіруші «Сибенергомаш - БКЗ» ЖШС;
- 160 - аса қыздырылған бу үшін сағаттық бу шығысы, т/сағ;
- 100 – аса қыздырылған бу қысымы, кгс/см².

БКЗ-160-100 энергетикалық бу қазандығының су айналымы табиғи. Жоғарғы жағындағы құрылымда барабан орнатылған, онда су мен бу ағындары қосылады. Шығармалы циклондарда бу бөлу процесі жүреді. Қондырғылар пеште сейілтуде немесе үрлеу астында жұмыс істейді [2].

БКЗ бір барабанды қазанды пайдаланудың негізгі сұлбасына сәйкес оның конструкциясы пештен, бірнеше оттықтардан, циклонды сепараторлары бар жоғарғы барабаннан, аса қыздырғыштардың бірнеше пакетінен, экономайзерден, қоректік жолынан, ауа қыздырғыштан, түтін құбырларынан, түтін шығарғыш және отын беру жүйесінен тұрады. Барлық жабдық қазандықтың оңтайлы жұмыс істеуі үшін мұқият жобаланған, орнатылған және реттеледі.

ПТ-60-90/13 - турбинасы электр энергиясын өндіруге және жылыту қажеттіліктерін жылумен қамтамасыз етуге арналған. Оның екі реттелетін жылытулық бу алу алымдары бар. Турбина келесі номиналды параметрлерде жұмыс істеуге арналған:

- аса қызған бу қысымы – 9,0МПа;
- аса қызған бу температурасы – 535 °С;
- турбинаның номиналды қуаты – 60МВт.

Р-25-90/18 турбинасы электр және жылу энергиясын өндіруге арналған. Турбина келесі номиналды параметрлер бойынша жұмыс істейді:

- қуаты – 25МВт;
- аса қызған бу қысымы – 9,0МПа;
- аса қызған бу температурасы – 500 °С;
- қарсы қысым – 1,5МПа.

Турбинаның ағындық бөлігі бір басқару сатысынан және сегіз қысым сатысынан тұрады. Қазандықтардан шығатын тірі бу турбинаның реттеуші клапандарына жіберіледі. Бу турбина қалақшаларының сатыларынан өту барысында кеңейіп, 1,5МПа қысыммен өндірістерге жөнеледі.

ПТВМ-100 қазандығы жылу, желдету, өнеркәсіптік және тұрмыстық мақсаттағы, сондай-ақ технологиялық мақсаттар үшін ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде жылу тасымалдағыш ретінде пайдаланылатын суды 150°С-қа дейін қыздыруға арналған су қыздырғыш қазандық болып табылады.

ПТВМ сериясының қазандықтары жылу өнімділіктеріне байланысты келесі модификацияларға ие: ПТВМ-30, ПТВМ-50, ПТВМ-60, ПТВМ-100 және ПТВМ-180. Барлық ПТВМ қазандықтары негізінен конструкциясы бойынша ұқсас, мұнара схемасы бар және тікбұрышты білік түрінде жасалған, оның төменгі бөлігінде толығымен экрандалған камералық пеш бар. Қазандықтар бірдей немесе ұқсас элементтерден жиналады, бұл олардың өндірісін біріктіруді қамтамасыз етеді. Бұл қондырғылардың дизайны жартылай ашық орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оттықтар, арматура, автоматика және үрлегіштер орналасқан бөлмеде қазандықтың төменгі бөлігі ғана қоршалған. Бұл жылу орталығын салуға кететін шығынды азайтып, жазғы жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолайлылық туғызады.

1.3 Алматы ЖЭО-1 бас жоспары

Алматы ЖЭО-1 қаланың орталық бөлігінде орналасқан және орталық, солтүстік-батыс аудандары мен ЖЭО-1 өңірінің тұтынушыларын жылумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады. Жылу электр орталығы батыстан – ет комбинатының аумағы мен тұрғын үйлермен, шығыстан және оңтүстіктен – Сейфуллина көшелерімен, солтүстіктен жеке тұрғын үй құрылыстарымен шектеседі. ЖЭО учаскесінің аумағы көпбұрышты пішіндес, оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған. Учаскенің ұзындығы 1500 метр және еңі 430 метр. ЖЭО алаңы биіктігі 2,4м тұтас темірбетон қоршаумен қоршалған.

ЖЭО-1 алаңында үш автокөлік және бір теміржол кіреберістері бар. Станцияның электр шығыстары батыс бағытта таралады. Станцияға су солтүстік-батыс жағынан Талғар су жүйесінің желілерінен беріледі. Жылу энергиясының желілерінің шығыстары оңтүстік, солтүстік және батыс бағыттарға қарай шығады. ЖЭО-ның қолданыстағы алаңы ғимараттар мен құрылыстармен тығыз қоршалған және аумағы абаттандырылған.

Учаскенің ортасында оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған ЖЭО-ның бас ғимараты орналасады. Учаскенің оңтүстік жағындағы кіреберісте әкімшілік ғимарат орналасқан. Негізгі ғимараттың тұрақты соңы мен әкімшілік ғимараттың арасында резервуарлары бар химиялық су тазарту қондырғысы, темір жол қоймалары және тазарту құрылыстары бар. Учаскенің оңтүстік-батыс бөлігінде ыстық су қазандығы ғимараты, мазут нысандары, коллекторлық желі құбырлары орналасқан.

Бас ғимараттың шығыс жағында газ құбырлары бар түтін мұржалары, мазут ағызатын эстакадасы бар ТЭЦ теміржол станциясы, шеберханалар, қоймалар мен гараж орындары орналасқан [3].

Өнеркәсіп алаңының солтүстік бөлігінде май шаруашылығы, газ қондырғылары, вагон төнкергіштер, көмір қоймасы, тазарту құрылыстары және т.б. бар.


ЖЭО-1 негізгі алаңынан ең жақын тұрғын үй ауданы батысқа қарай 150 м, оңтүстік-батысқа 250 м және солтүстік-шығысқа 50 м қашықтықтарда орналасқан.

2 Бу газдық қондырғы

2.1 Бу газдық қондырғының даму тарихы

Жұмыс органы ретінде отынның жану өнімдері мен су буын қолданатын аралас циклді қондырғыларды құру идеясын француз ғалымы Сади Карно 1824 жылы өзінің «Оттың қозғаушы күші және осы күшті дамытуға қабілетті машиналар туралы ойлар» атты еңбегінде айтқан болатын. Карно поршенді құрама циклді қондырғының схемасын ұсынды және тиімді аралас циклді қондырғыларды құрудың басты шарттарының негізін қалады. Жұмыс буын алу үшін газдардың қалдық жылуын бір уақытта кәдеге жаратумен жоғары температуралы аймақта отынның жану өнімдерін жұмыс сұйықтығы ретінде пайдалану туралы пайымдаған болатын. Бу және газ турбиналарының дамуымен бұл идеяны іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін бола бастады.

Жану камерасына су жіберетін және алынған бу-газ қоспасын турбинаның жұмыс сұйықтығы ретінде пайдаланумен газ-бу қондырғысының жобасын Павел Дмитриевич Кузьминский жасаған. 1892 жылы ол шағын қуатты газ-бу турбинысын құрастырған еді. Жану қалдықтарын бумен жағу және сұйылту бір камерадан жүзеге асырылды. 1-суретте турбина мен жану камерасы бейнеленген:



1-жұмыс қалақшалары; 2-бағыттауыш қалақшалар; 3-жану камерасы; 4-ауа түтігі; 5-саптама; 6-иректүтік; 7-су кірісі; 8-ауа кірісі; 9-отын кірісі

1-сурет – Турбина мен жану камерасының сұлбасы

Жану камерасы (3) ішкі цилиндрден және сыртқы қаптамадан тұрады. Олардың арасында спиральды иректүтік (6) бар, ол арқылы жану камерасының қабырғаларын салқындататын су өтеді, содан кейін жану өнімдерін салқындату үшін оның көлеміне қарай айдалады. Катушкада пайда болған бу жану

камерасына келіп, механикалық жұмыстарды орындайтын радиалды турбинаға бу мен газ қоспасы беріледі.

Бу-газ қондырғыларының тиімділігін арттыруға неміс инженері Карл Гольцварт көп күш жұмсады. Оның жобасы бойынша алғашқы қондырғыны 1906-1908 жылдары Картинг (Ганновер) фирмасы құрастырды. Нәтижесінде қондырғы 50 аттың күші (35,8кВт) және пайды әрекет коэффициенті 10%-ды құрайтын көрсеткіштері берді. 1910-1927 жылдары Гольцварт алдымен тік білікті, содан кейін көлденең білікті газ турбиналары құрастырды. Хольцварт жұмысының ауқымы эксперименттердің отынның әртүрлі түрлерін – газды, сұйықты және тіпті көмір шаңын жағумен жүргізілгендігімен сипатталды. Сондай-ақ жану өнімдерін салқындату үшін суды айдаудан бас тартуға мүмкіндік беретін жану камералары мен турбиналарды салқындату саласындағы әзірлемелер маңызды болды. Хольцвартты судың салқындату процесінде алатын жылуын, сондай-ақ турбинаның пайдаланылған газдарының жылуын пайдалану мәселелері де қызықтырды.

1928 жылдан бастап К.Гольцварт профессор В.Шюлемен бірге жаңа қондырғының (кейінірек Хольцварт-Шюле турбинысы деп аталды) жобасын әзірледі. Ол екілік бу-газ қондырғысы және екі турбинаны біріктіретін аралас циклде болды. Олардың біреуі тұрақты көлем кезінде жану циклінде, ал екіншісі тұрақты қысымда жұмыс істеді. Сонымен қатар, бұл қондырғыда ауаның алдын ала қысылуы айтарлықтай артты (0,6 МПа дейін), нәтижесінде жану камерасындағы максималды қысым 3 МПа-ға жеткізілді.

1933 жылы қондырғы Гамборндағы (Германия) металлургиялық зауытта орнатылды және жарияланған мәліметтерге сәйкес домна газында жұмыс істегенде 20%-ға дейін тиімділік көрсетті.

1930 жылдары осьтік компрессордың жоғары үнемді конструкциясы мен отынды қысыммен тиімді жағу әдістері жасалды және ыстыққа төзімді болаттар металлургиясында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді. Осының бәрі тиімді бастапқы қозғаушы ретінде тұрақты қысым кезінде жанумен жұмыс істейтін әмбебап газ турбиналық қондырғының құру мәселесін шешуге айтарлықтай жақындауға мүмкіндік берді. Жиналған тәжірибе негізінде «Браун-Бовери» серіктестігі бірінші болып осы типтегі өнеркәсіптік және энергетикалық газ турбиналары өндірісін бастады. 1936 жылы оның мұнай өңдеу өнеркәсібіне арналған алғашқы газ турбиналық қондырғысы және 1939 жылы электр генераторын басқаруға арналған күшті газ турбиналық қондырғы іске қосылды. Энергияны пайдалануға арналған бұл бірінші стационарлық газ турбиналық қондырғы 1940 жылы Швейцарияда Нейшателдегі жерасты электр станциясында пайдалануға берілді [4].


Әлемдік және отандық газтурбиналық құрылыста жинақталған тәжірибені пайдалана отырып, 1944–1945 жылдары И.И.Ползунов атындағы Орталық қазандық-турбиналық институтта А.Н.Ложкин тұрақты қысымда отын жағумен аралас циклді қондырғының схемасын, ал 1945-1949 жылдар аралығында ол А.Е.Гольтманмен бірге жоғары қысымды бу генераторларымен бу-газ циклдарына теориялық талдау жасады. Осы зерттеулердің негізінде қуаттылығы салыстырмалы түрде аз құрама циклді қондырғылардың жобалары жүзеге асырылды. Бұл ретте институтта жоғары қысымды бу генераторындағы процестерге, яғни, конвективті және радиациялық жылу алмасу, жоғары газ қысымында отынның жануы және т.б. зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде жоғары қысымды бу генераторының жобасы жасалды. Кейіннен М.И. Корнеев өнімділігі 25–420 т/сағ жоғары қысымды бу генераторы бар 200 МВт-қа дейінгі бу газдық қондырғысы үшін жобалық және инженерлік әзірлемелер кешендерін жүргізді. Бұл қондырғыларда 1,5-тен 25 МВт-қа дейінгі шағын газ турбиналарын және 150 МВт-қа дейінгі бу турбиналарын пайдалану көзделді.

КСРО-да аралас циклді қондырғыларды іс жүзінде енгізу ХХ ғасырдың 60-жылдарынан басталды. Сол кезде Надворнянскі мұнай өңдеу зауытының (Украина) ЖЭО-да және Ленэнергоның 1-ші Ленинград ГТЭС-інде ВПГ-120 жоғары қысымды бу генераторы және қуаты 4 МВт газ турбинасы бар шағын құрамдастырылған циклді қондырғылар орнатылды. Олар әлі күнге дейін сәтті жұмыс істеуде.

2000 жылдары іске қосылған газтурбиналық қондырғылардың қуаты шамамен 27 ГВт, ал электр станцияларының бірлік қуаты 260–270 МВт-қа жетті. Газ турбиналары негізіндегі бу-газ қондырғыларының бірлік қуаттылығы 450–480 МВт-қа жетіп, тиімділіктері 55-60% деңгейіне дейін көтерілді. Дүниежүзілік газ турбиналық паркінің сандық және қуаттылығының өсуі қазіргі уақытта газтурбиналық технологиялардың сапа көрсеткіштерін оларға қойылатын талаптарға сәйкес үздіксіз жақсартумен қатар жүреді. Қазіргі уақытта шетелдерде жаңа электр станцияларының құрылысында газ турбиналары негізіндегі құрама циклді қондырғылар кеңінен қолданылады. Оларды техникалық жетілдіру жалғасуда. Мысалы, турбина алдындағы газдың температурасы, қондырғының бірлік өнімділігі және оның тиімділігін арттырылуда, аз улы жану камералары кеңірек таралуда, газ турбиналары мен аралас циклді қондырғылардың өнімділігі мен техникалық қызмет көрсету жүйелері, олардың қосалқы жүйелері мен жабдықтары жетілдірілуде.

2.2 Бу газдық қондырғының түрлері


Аралас циклді қондырғының жылу схемасы мен циклі оның түріне байланысты болып келеді. Аралас циклді қондырғылар бу және газ турбиналары бар құрама қондырғыларының кеңірек класының бір түрі ғана. Дегенмен, БГҚ-лардың әртүрлілігі соншалықты, оларды толық қарастыру мүмкін емес. Сондықтан, төменде біз іргелі немесе практикалық тұрғыдан біз үшін қызықты БГҚ-ның негізгі түрлерін қарастыратын боламыз. Мақсаты бойынша БГҚ конденсациялық және жылыту қондырғыларына бөлінеді. Олардың біріншісі тек электр энергиясын өндірсе, екіншісі бу турбинасына қосылған жылытқыштардағы желілік суды жылытуға да қызмет етеді. БГҚ-да қолданылатын жұмыс денесінің саны бойынша олар бинарлы және монарлы болып бөлінеді. Құрама қондырғылардың түрлері 2-суретте көрсетілген:



2-сурет – Құрама қондырғылардың түрлері

Бинарлы қондырғыларда газтурбиналық циклдің (ауа мен отынның жану өнімдері) және бу турбиналық қондырғысының (су және бу) жұмыс сұйықтықтары бөлінеді. Монарлы қондырғыларда турбинаның жұмыс сұйықтығы жану өнімдері мен су буының қоспасы болып табылады.

Үшінші суретте монарлы құрама қондырғысының схемасы келтірілген. ГТҚ-дан (3) шығатын газдар қалдық жылу қазандығына жіберіледі, оған су қоректік сорғы (5) арқылы беріледі. Шығуда алынған бу жану камерасына (2) түсіп, жану өнімдерімен араласады да, нәтижесінде алынған біртекті қоспа бу-газ турбинасына жіберіледі. Ауа сығымдағышынан (1) келетін және жұмыс газдарының температурасын газ турбинасы бөліктерінің рұқсат етілген беріктік шарттарына дейін төмендетуге қызмет ететін ауаның бір бөлігі бумен араластырылып, қысымы қоректік сорғы арқылы жоғарылайды. Осының арқасында біз қысымды жоғарылатуға аз қуат тұтынамыз [5]. Төмендегі суретте монарлы БГҚ-ның қағидалық сұлбасы келтірілген:



1-сығымдағыш; 2-жану камерасы; 3-бу-газ турбинасы; 4-қалдық жылу қазандығы; 5-қоректік сорғы

3-сурет – Монарлы БГҚ-ның қағидалық сұлбасы


Бу-газ қоспасынан буды конденсациялауды ұйымдастырудың техникалық қиындығы және соған байланысты қуатты су тазарту қондырғысының тұрақты жұмыс істеу қажеттілігі монарлы үлгідегі БГҚ-ның негізгі кемшілігі болып табылады. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер монарлы үлгідегі БГҚ-ның, ең болмағанда қуатты ЖЭС-те электр энергиясын өндіру мақсатында кеңінен қолдануға әкелмеді.

БГҚ-ның негізгі түрлері бинарлы үлгілеріне жатады. Қолданыстағы бинарлы БГҚ-ларды келесі түрлерге бөлуге болады:

Қалдық жылу қазандығы бар БГҚ. Бұл қондырғыларда газ турбинасының пайдаланылған газдарының жылуы бу турбинасы циклінде пайдаланылатын жоғары параметрлерді бу алу үшін қалдық жылу қазандықтарында пайдаланылады. БГҚ-ны пайдаланудың негізгі артықшылықтары жоғары тиімділігі (таяу жылдары олардың тиімділігі 60% -дан асады), күрделі салымдардың айтарлықтай төмендігі, салқындатқыш судың аз қажеттілігі, зиянды шығарындылардың төмендігі және жоғары ептілік.

ГТҚ-ның шығар газдарын бу генераторына беретін БГҚ. Көбінесе мұндай БГҚ-ларды қысқаша «қашыртқы» БГҚ немесе төмен қысымды бу генераторы бар БГҚ деп атайды. Оларда оттегінің жеткілікті мөлшері бар газ турбиналық қондырғыда пайдаланылған газдардың жылуы атмосферадан қазандық үрлегіштермен берілетін ауаны араластыра отырып, энергетикалық қазандыққа жіберіледі. Сонымен қатар, қазандықтың ауа жылытқышы қажет емес, өйткені

газ турбинының пайдаланылған газдары жоғары температураға ие. Бұл түрдің басты артықшылығы - бу турбиналық циклде қымбат емес қатты отынды пайдалану мүмкіндігі. Төмен қысымды бу генераторы бар БГҚ-ларда отын ГТҚ-ның жану камерасына ғана емес, сонымен қатар бу генераторына жіберіледі. Бұл ретте ГТҚ жеңіл отынмен (газ немесе дизельдік отын) жұмыс істейді де, ал бу генераторы кез келген отынды пайдаланады. 4 – суретте ГТҚ-ның шығар газдарын бу генераторына беретін БГҚ бейнеленген.




1-бу генераторы; 2-бу турбины; 3-конденсатор; 4-сорғы

4-сурет-ГТҚ-ның шығар газдарын бу генераторына беретін БГҚ


Төмен қысымды бу генераторы бар БГҚ схемасы өте күрделі болып келеді, өйткені, ГТҚ істен шыққан жағдайда бу турбины бөлігінің автономды жұмысын қамтамасыз ету қажет. Қазандықта ауа жылытқышы болмағандықтан, оны бу генераторына бермес бұрын ауаны қыздыратын арнайы жылытқыштарды орнату керек болады.

Регенерациялық қыздыруды ысыратын БГҚ. Мұндай БГҚ регенеративті жылытқыштар бу турбинынан ажыратылып, ал ГТҚ-да пайдаланылған газдарының жылуы қуатты қазандықтың қоректік суын жылыту үшін пайдаланылу идеясына негізделген. Үнемделген бу бу турбинында қосымша қуат алу үшін пайдаланылады. Бұл жағдайда үнемделген будың конденсация жылуы конденсаторда жоғалады. БГҚ-ның бұл үлгісі отынды ең аз үнемдеуді (шамамен 4%) қамтамасыз етеді, дегенмен ол бу турбины қуат блогын ең аз өзгертулермен қайта құруға мүмкіндік береді [6]. Келесі суретте регенерациялық қыздыруды ысыратын БГҚ бейнеленген.



5-сурет-Регенерациялық қыздыруды ысыратын БГҚ

Жоғары қысымды бу генераторы бар БГҚ. Мұндай БГҚ-да жоғары қысымды бу генераторы қуат қазандығы мен ГТҚ жану камерасының рөлін атқарады. ГТҚ-ның ауа сығымдағышы бу генераторында жоғары қысымды тудырады. Тиімділікті арттыру мақсатында жоғары қысымды бу генераторы алдында газбен жұмыс істейтін конденсатты қыздырғышы (ГКҚ) орнатылған, ол газ турбиналық пайдаланылған газдардың температурасын төмендетеді. Бу генераторының ішкі бөлігінің коррозия өнімдерінің әсерінен газ турбинының ағынының жолының тозуы бұл БГҚ-ның кемшілігі болып табылады. 6 – суретте жоғары қысымды бу генераторы бар БГҚ бейнеленген.



6-сурет-Жоғары қысымды бу генераторы бар БГҚ

3 Техникалық бөлім

3.1 Газ турбиналық қондырғыны таңдау

Жоғарғы бөлімде айтылғандай газ турбиналық қондырғы БГҚ-ның негізгі құрамдас бөлшегі болып табылады және айналмалы құбылыс осы ГТҚ-дан басталады. Алматы қаласының бірінші ЖЭО-сы үшін Германиялық «Siemens» мекемесінің екі SGT-700 газ турбиналық қондырғысы таңдалды. Оның жалпы электрлік қуаты 58,12МВт-ты құрайды. Siemens SGT-700 газ турбины SGT 600 турбинының негізінде жасалған. Siemens SGT-700 газ турбинаның электр қуаты 29,1МВт және базалық жүктеменің тиімділігі 36% құрайды. Siemens SGT-700 газ турбиналық қондырғысы техникалық қызмет көрсетуде оңай және ұзақ қызмет мерзіміне ие болып табылады [7].

SGT-700 газ турбины он бір сатылы сығымдағышы бар екі білікті қондырғы болып табылады. Алғашқы екі кезеңде реттелетін бағыттаушы қалақшалары орналасқан. Сақиналы жану камерасына 18 оттық кіреді. Жану камерасының ішкі бетінде жылу беруді азайтатын және қызмет ету мерзімін арттыратын термиялық кедергі жасайтын қақпақ бар.

SGT-700 ГТҚ-ның артықшылықтары:

- төмен деңгейлі шу мен діріл;
- роторлы компрессордың дизайны сенімді жұмысты қамтамасыз етеді;
- минералды майларды пайдаланатын сенімді сегментті тірек құрылғылары;
- жылу оқшаулағыш қабат;
- мықты өндірістік дизайн.

SGT-700 газ турбинының қолдану саласы - конденсациялық және жылу электр станциялары (энергияны өндіру және когенерациялау). Төмендегі суретте SGT-700 газ турбины бейнеленген.



7-сурет – SGT-700 газ турбиналық қондырғысы [7]

Сақиналы жану камерасы жоғары температураны төмендететін және қызмет ету мерзімін арттыратын жылудан қорғайтын жабыны бар дәнекерленген құрылымға ие. Үш сатылы турбина техникалық қызмет көрсетуді жеңілдету үшін бір блок түрінде жасалған және компрессор білігіне орнатылған. Аэродинамикалық және бағыттаушы қалақтардың қалақтарын салқындату қарастырылған. 1 – кестеде турбинаның техникалық сипаттамалары келтірілген.

1-кесте – SGT-700 ГТҚ-ның техникалық сипаттамалары [7]

Сипаттамасы	Өлшем бірлігі
Қуаты	29,06МВт
Генератор клеммасындағы қуат	31,21МВт
Отын	Табиғи газ немесе сұйық отын
Отынның жылу шығыны	9882 кДж/кВт*сағ
Газ отынының шығыны	9297 нм ³ /сағ
Газ отынының қажетті қысымы	27±0,5 Бар
Пайдаланылған газдар массалық шығыны	95 кг/с
Пайдаланылған газ температурасы	528 °С
Қолданыстағы пайдаланылған энергия (шығарылған газдар 100 ° С дейін салқындаған кезде)	38,06 Гкал/сағ
Жиілігі	50Гц
Электрлік ПӘК	36,4 %
Жылулық қуаты	9999кДж/кВт*сағ
Турбинаның айналу жылдамдығы	6500 айн/мин
Сығымдағыш қысымының коэффициенті	18:1
Күрделі жөндеуге дейінгі ресурсы	40000 сағат
NO ₂ шығындылары	мг/нм ³

Стандартты нұсқадағы турбинаның жұмысы жанғыш газды және сұйық (дизельді) отынмен қамтамасыз етіледі. Газ турбинысы төмен шығарындылармен жоғары сенімділік пен тиімділікті біріктіреді. Алдын ала араластырғыш отынның ауасы аз NO_x және СО шығарындыларын қамтамасыз етеді. SGT-700 газ турбиналық қондырғысы келесі жабдықтардан тұрады:

- ГТҚ;
- генератор;
- қоздырғыш;
- көмекші жүйелер;
- ауа тазарту және беру жүйесі;

- блокты-модульдік электр жабдықтары және автоматика жүйелері;
- суыту жүйесі;
- трансформаторлық жабдық;
- өрт сөндіру жүйесі.

SGT-700 газ турбиначасы тиристорлы электрлік іске қосу құрылғысымен жабдықталған. Газ турбиначасы, беріліс қорабы және генератор ортақ май беру жүйесімен қамтамасыздандырылған.

Іргетастарды орнатқаннан кейін ГТҚ-ны орнатумен бірге ауа беру жүйесін, май салқындатқышын, ауалық салқындатқыштарды, сығымдағыш орнатылады. Бүйірлік ауа қабылдау жүйесінің арналары компрессор коллекторына түсетін сүзілген ауаны бағыттайды. Коллектор компрессорға тиімді ауа ағынын қамтамасыз етуге арналған. Шу деңгейін төмендету үшін жүйенің ауа сорғышында параллель орнатылған аттенюаторлар орналасқан.

Зауыттың модульдік конструкциясы, құрамдас бөліктердің аздығы, ұзақ қызмет ету мерзімі және техникалық қызмет көрсетудің болуы ұзақ күрделі жөндеудің аздығына кепілдік береді және жалпы пайдалану шығындарын азайтады [8].

3.2 SGT-700 Газ турбиналық қондырғысын есептеу

